

XX ҒАСЫРДЫҢ 1950-80 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

ЖОСПАР:

1. 1950-80 жылдары қазақ әдеби тілінің дамуына әсер еткен экстралингвистикалық жағдаяттар
2. Көркем әдебиеттің қазақ әдеби тілін лексикалық жақтан байытуы
3. Баспасөз тілі дамуындағы негізгі факторлар
4. Ғылым тілі мен ресми стильдің дамуына кері әсер еткен кейбір жағдаяттар

Дәрістің мақсаты:

Студенттерге ХХ ғасырдың 1950-80 жылдарындағы қазақ әдеби тілінің лексикалық, стильдік сипаты, тілдің дамуына әсер еткен экстралингвистикалық факторлар туралы жан-жақты мағлұмат беру.

Дәрістің міндеті:

1. Осы кезеңдегі әдеби тілдің дамуына әсер еткен тарихи және саяси-идеологиялық факторларға статистикалық сараптау жасау;
2. Қазақтың ұлттық әдеби тілі дамуындағы негативті және позитивті жағдаяттарға салыстырмалы талдау жасау;
3. ХХ ғасырдың 1950-80 жылдарындағы қазақ әдеби тілінің көркем әдебиет, ғылыми және ресми іс-қағаздар стилі дамуының басты бағыттарын танытатын факторларға сипаттама беру.

ДӘРІС АЛДЫНДАҒЫ ТАПСЫРМА

ДӘРІСТІҢ ҚЫСҚАША
МАЗМҰНЫМЕН
ТАНЫСУ

ДӘРІС МАЗМҰНЫН
ТОЛЫҚТЫРАТЫН
МАТЕРИАЛДАР ҚОРЫН
ЖАСАУ

ДӘРІС МАЗМҰНЫ
БОЙЫНША ЕҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕНІ
АНЫҚТАУ

ДӘРІС БОЙЫНША
СҰРАҚТАР ҚОРЫН
ҚҰРАСТЫРУ

1. 1950-80 жылдары қазақ әдеби тілінің дамуына әсер еткен экстралингвистикалық жағдаяттар

Партия мен үкіметтің қаулылары мен науқандары

Қазақ жерінің жаппай орыстануы

- Биологиядағы вейсманизм-морганизм, ғылым мен өнердегі космополитизм, мәдениет пен әдебиеттегі ұлтшылдық

- Ұлы Отан соғысы кезінде жаулар басып алған жерлерден жаппай Қазақстан жеріне қоныс аударту. Тың игеру, одақтық маңызы бар құрылыстар салу тәрізді тәрізді науқандық жұмыстар үшін басқа ұлт өкілдерінің комсомолдық шақырумен Қазақстан жеріне қоныстануы

І.Есенберлин, Ә.Нұрпейісов, Ә.Кекілбаев, М.
Мағауин, Ш.Мұртаза бастаған прозашылар

- Халықтың тарихы мен оның дара тұлғаларының өмір жолын бейнелеуде жаңаша әдіс-тәсілдер қолданып, адам жанының психологиялық иірімдерін ашуға талпыныс жасады.

Қазақ көркем әдеби тілінің зерттелуі

- Көркем әдебиет тілі туралы алғаш тұжырым жасаған Қ.Жұбановтың ізімен («Абай – қазақ әдеби тілінің классигі») Х.Кәрімов («Майлин әңгімелерінің тілі»), Р.Сыздықова («Абай шығармаларының тілі», «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы», «Сөз табиғаты» т.б.), Е.Жанпейісов («Қазақ прозасының тілі», «М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі»), Х.Нұрмұханов («Сөз және шеберлік») еңбектері, «Жазушы және сөз мәдениеті», «Өнер алды – қызыл тіл» жинақтары жарық көрді.

Тарихи тақырыпқа жазылған туындыларда

Байырғы сөздер, жергілікті
тіл ерекшеліктері, ауызекі сөз
саптау үлгілері, қарапайым
сөздер жиі ұшырайды

Ә.Кекілбаев шығармаларында

«жауынгер, қатардағы әскер» мағынасында қолданылған көне тұлға *сарбаз* сөзі әскери лексика ретінде қазіргі әдеби тілімізге қайта қолданысқа енді; *сардар, төбе би, алқа би* лауазымдық атауларын, *сыралғы, сойыл дос, қамшы дос, алапа, сияпа, киене, далбай, байтаба* сияқты этнографиялық атауларды, *күн, тұран* гидронимдік қолданыстарын, *арапшы, кісәпір, тұзжым, сімсік, әрпіл-тәрпіл* тәрізді адамның, малдың мінез-құлқын, сыртқы кейпін сипаттайтын қолданыстарды қазақ әдеби тілінің лексикалық қорына қабылдануға толық мүмкіндік бар

50-80 жылдардағы баспасөз тілі

Қоғамдық өмірдің сан-саласын қамтитын жадығаттар, әсіресе, саяси-әлеуметтік, экономикалық тақырыптағы, мәдениет пен өнерге, ғылым жаңалықтарына қатысты мақалалар жарияланып тұрды.

Орталықтан орыс тілінде шығып жатқан материалдарды қазақ тіліне аударып басу тәжірибесі қазақ тілінде жаңа сөз жасауға көп ықпалын тигізді. Осы бағытта қазақ тілінің байырғы жұрнақтары жаңа мағынаға ие болып, жаңа сөздер жасауға кеңірек қолданылды.

Неологизм жасау, қазақ терминологиясын одан әрі жетілдіру жолында сөз тудырудың төл амал-тәсілдерін қолдану нақты бағдарға айналды. Терминдер жасауда қазақ тілінің өз мүмкіндігін барынша пайдалану көзделді. Жаңа сөздердің халық арасында таралып, қолданылып, қалыптасуына баспасөздің қызметі күшті болды.

Баспасөз бетінде қазақ тілінің орфографиясы, емеле-ережелеріндегі олқылықтар, терминология жасаудағы кемшіліктер, жарыспалы сөздердің ала құла жазылуы, жергілікті сөздерді қолдануға шектен тыс әуестенушілік, бір сөзбен айтқанда, әдеби тіл нормасының сақталмауы жиі сынға алынды.

Ғылым тілі мен ресми стильдің дамуына кері әсер еткен жағдаяттар

. Қазақстандағы демографиялық жағдайдың күрт өзгеруі (соғыс жылдарында Кеңес Одағының батыс аймағынан көптеген зауыт-фабрикаларды, түрлі кәсіпорындарды, ғылыми-зерттеу мекемелерін Қазақстанға көшіру, бүкілодақтық құрылыстар салу, тың және тыңайған жерлерді игеру сияқты науқандар әсерінен басқа ұлт өкілдеріне қарағанда қазақтардың санының күрт кемуіне әкеліп соқтырды, өз отанында азшылық боп қалды);

Соның салдары ретінде техника, жаратылыстану ғылымдары бойынша ғылыми еңбектер, оқулықтар тек орысша даярланды, химия, физика, биология пәндерінен қазақ тіліндегі оқулықтар орысша оқулықтардың сапасыз аудармасы болды;

Осы жағдаймен байланысты орыс мектептерінің көбеюі; 3. Мәскеу, Ленинградтан келген ғалымдар өз ғылыми мектептерін құрып, шәкірттер даярлады, олар Мәскеу, Ленинградқа барып, орысша аспирантурада оқыды, ғылыми жұмыстарын орысша жазды;

тіл және әдебиет, тарих сияқты бірен-саран ғылыми институттар болмаса, қалған ғылыми-зерттеу орталықтары зерттеу жұмыстарын тек орысша жүргізді. Аттестациялық комиссия диссертациялардың тек орысша жазылуын талап етті (оның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары да бар).

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Қазақ әдеби тілінің дамуына кері әсер еткен факторлар қандай?
2. Ана тілімізді сақтап қалу жолында ұлт жанашырлары қандай бағытта күрес жүргізді?
3. Тіл, әдебиет туралы конференцияларда орыс тілі қалай дәріптелді?
4. Тіл білімі институты қашан құрылды?
5. 1962 жылы қандай конференция өтті, оның тіл дамуына әсері қандай болды?
6. Қазақ әдеби тілінің дамуына мерзімді баспасөз тілінің ықпалы қандай болды?
7. Орыс тілінен енген кірме сөдердің қазақ әдеби тіліне әсері қаншалықты болды?
8. Орыс графикасын қолданудың қазақ әдеби тіліне қандай да бір әсері болды ма?
9. 80-жылдары қазақ тілін сақтап қалу жолында қандай шаралар жасалды?
10. Қазақ әдеби тілін дамытуда көркем әдебиеттің орны қандай болды?
11. Көркем проза тілін зерттеуге кімдер ат салысты?
12. Ә.Кекілбаев қолданған *сардар*, *сарбаз*, *аран*, *алана* сөздерінің роман мәтініндегі мағынасы қандай?
13. *Сарбаз*, *сардар*, *алқа би*, *төбе би*, *алана*, *сияпа* сөздері қазіргі әдеби тілде қолданыла ма? Қолданылса, қандай мағынада, қай стильде?
14. Тілдегі диалектизмдерді қолдану туралы қандай көзқарастар бар?
15. 90 жылдардан бастап қазақ тілін дамытуға қатысты қандай құжаттар, заңдар, бағдарламалар қабылданды?